

БҰЙРЫҚ

17 ақпан 2022 ж.

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 04-04/40

город Алматы

**«Абайдың асыл мұрасы»
(Сокровенное наследие Абая)
Абай өлеңдерін жатқа оқу байқауын
өткізу және жеңімпаздарға сыйақы
төлемін тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 11 бабына, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 113 тармағының 15) тармақшасына сәйкес және Қоғамның «Рухани жаңғыру» Жобалық кеңсе жетекшісі М.Д.Жақауовтың қызметтік хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абайдың асыл мұрасы» (Сокровенное наследие Абая) Абай өлеңдерін жатқа оқу байқауының Ережесі осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Абайдың асыл мұрасы» (Сокровенное наследие Абая) Абай өлеңдерін жатқа оқу байқауы ағымдағы жылдың 2022 жылдың 15 ақпаны мен 15 наурыз аралығында онлайн форматында өткізілсін.

3. Байқауды ұйымдастыру жұмыстарын қамтамасыз ету «Рухани жаңғыру» Жобалық кеңсе жетекшісі М. Жақауовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрыққа сәйкес жүлдегерлерге сыйақы төлемін қамтамасыз ету Әкімшілік және қаржы қызметі жөніндегі проректоры К. Исақоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Ш. Нұрлановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма Төрағасы-Ректор



Д. Билялов Д. Билялов

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Басқарма мүшесі,
Басқарма Төрағасы-Ректорының
« 14 » ақпан 2022 жылы
№ 04-04/40 бұйрығымен
бекітілген

**«Абайдың асыл мұрасы» (Сокровенное наследие Абая)
Абай өлеңдерін жатқа оқу байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы, 2022

**«Абайдың асыл мұрасы» (Сокровенное наследие Абая)
Абай өлеңдерін жатқа оқу байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Студенттер арасындағы «Абайдың асыл мұрасы» байқауының тұжырымдамасы, мақсаты мен міндеттері, оның ұйымдастырушылары, қатысушылары

1.1. Байқаудың тұжырымдамасы - қазақ және әлем әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлының туындыларын студенттердің жатқа білуін қалыптастыру.

Байқаудың мақсаты - студенттерді Абайдың бай шығармашылығы және аударма шығармаларымен баулу.

1.2. Байқаудың міндеттері :

- дамыту - оқуға дағдыны қалыптастыру, мәтінді терең ұғынудың негізінде эмоционалдық интеллектіні, мәнерлеп оқу машықтарын қалыптастыру;

- білім беру - студенттердің оқырмандық ой-өрісін кеңейту;

- тәрбиелеу - отансүйгіштікті тәрбиелеу, көп тілділікке ынталандыру.

1.3. Байқаудың тілі - қазақ тілі, БҰҰ тілдері, сондай-ақ Қазақстанның аумағында тұрып жатқан, Абайдың туындылары аударылған этностардың тілдері.

1.4. Байқау ұйымдастырушысы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, «Рухани жаңғыру» Жобалық кеңсесі, Филология және көптілді білім беру институты.

1.5. Байқаудың ғылыми-танымдық қолдау көрсетуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Хәкім Абай» Ғылыми-зерттеу орталығы жүзеге асырады.

1.6. Байқауды ұйымдастыруға және өзгертуге жетекшілікті байқау ұйымдастырушылары өкілдерінен қалыптасатын Ұйымдастыру тобы жүзеге асырады.

1.7. Ұйымдастыру тобы құрамында 5 адам болатын Байқаудың қазылар алқасын бекітеді.

1.8. Байқау қатысушылары - 1-4 курс студенттері мен магистранттар.

1.9. Байқау номинациясы:

- Абай өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу.

2. Байқаудың мазмұны мен шарттары

2.1. Қатысушылар Байқауға Абай өлеңдерін немесе Абайдың шет тіліне аударылған өлеңдерін бейнебаян форматында ұсынады.

2.2. Байқауда әр қатысушы дербес шығады және басқа әсіреулерге (фонды музыка, келбетін көрсетпей оқу, монтаж, театрлық қойылым, этюд) жүгіне алмайды.

2.3. Жатқа оқу ұзақтығы - 1-3 минутқа дейін.

2.4. Оқу уақытында музыкалық сүйемелдеуді пайдалануға болмайды. Алайда, олардың пайдаланылуы артықшылық болып табылмайды және қосымша ұпай берілмейді.

2.5. Байқауға бейнебаяндарды 2022 жылдың **15 наурыздан** кешіктірмей ұсынуы тиіс (Қосымшаны қараңыз).

Байқау бейне өнімдері мына ватсап номеріне - 8701 497 9615 жіберіледі.

Ескерту: Байқау бейне өнімі жіберілгенде:

- «Абайдың асыл мұрасы» байқауына, қатысушының аты-жөні, курсы, қазақ/орыс бөлімі, мамандығы, ұялы телефон номері» көрсетілуі тиіс.

2.6. Байқаудың салтанатты түрде марапатталуы – «Zoom» платформасында немесе ашық кездесуде 2022 жылдың **17 наурызда, сағ.12.00-де** өтеді.

3. Бағалау критерийлері

3.1. Төменде көрсетілген критерийлердің әрқайсысы бойынша 1-5 аралығында ұпайлар қойылады

- туынды таңдауы;
- толқудың, көңіл-күйдің, мінездің, мазмұнын көрсетуге қабілеттілік;
- тикциясы;
- бейнебаянда артық әсірелеудің болмауы.

3.2. Төменде көрсетілген критерийлер үшін бейнебаян өнімдері байқауға қатыстырылмайды.

- оқуға бөлінген уақыттан тыс - 40 секундқа дейін, немесе 3 минуттан асуы;
- мәтінді туындының мағынасын бұрмалайтындай сәтсіз қысқарту;
- автордың қарасөздерінің мәтінін оқуы;
- өзге авторлардың шығармаларын оқуы;

4. Байқау жеңімпаздарын көтермелеу

Ұпайлардың жиынтық саны бойынша қазылар алқасы 1,2,3 орындарды анықтайды, жүлдегерлер ректордың Алғыс хаты мен дипломы және арнайы жүлделермен марапатталады.

Жүлде қоры:

- 1 – орын – 20 000 тг, Диплом;
- 2 – орын – 15 000 тг, Диплом;
- 3 – орын – 10 000, Диплом;
- «Үздік талпыныс» – 5000 тг, Диплом (2).